

Нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2606 санымен тіркелген "Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар жөніндегі орталықтандырылған деректер банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 67 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2004 жылғы 27 маусымдағы N 25 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2958. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 53 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009.09.29 N 53 бұйрығымен.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды есепке алуды жетілдіру мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4 -1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

1. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар жөніндегі орталықтандырылған деректер банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 67 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2606 санымен тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар жөніндегі орталықтандырылған деректер банкін жүргізу туралы

Н ұ с қ а у л ы қ т а :

3 - т а р м а қ т ы ң :

бесінші азат жолы алынып тасталынсын;

9-тармақтағы "айына" сөзі "тоқсанына" сөзімен ауыстырылсын;

23-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"23. 8-жолда мынадай әкімшілік құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтер бейнеленеді: жеке тұлғалар; жеке кәсіпкерлер; заңды тұлғалар; шетелдік заңды тұлғалар; шет елдің қатысуымен заңды тұлғалар; мынадай органдардың қызметкерлері: әділет; қаржы полициясы; ішкі істер; қорғаныс министрлігі; ұлттық қауіпсіздік; кедендік қызмет; шекара қызметі; прокуратура; салық қызметі; төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі; мемлекеттік билік; арнайы қызмет; өзге де мемлекеттік құрылымдар.";

29 - тармақты :

бірінші азат жол келесі редакцияда берілсін:

"29. 14.1-жолында құқық бұзушының туған күні, айы, жылы және тұрғылықты мекен-жайы қысқартусыз жазылады.";

мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:

"14.5-жолында алкогольдік, есірткілік, токсикомандық мас күйінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер бейнеленеді. Бұл жол бірінші сатылы соттармен толтырылады.";

34-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"34. Кәртiшкенi толтырған қызметкердiң аты-жөнi мен лауазымы және толтырылған күні 21-жолда көрсетiледi.";

төмендегiдей мазмұндағы 2-1-тарауымен толықтырылсын:

"2-1-тарау. N 1-АП нысанды электрондық кәртiшкесi

34-1. N 1-АП нысанды электрондық кәртiшкенi толтыру жеке тұлғалар үшiн "Тегi, аты, әкесiнiң аты және туған күнi" деректемелерiнен немесе заңды тұлғалар үшiн "Заңды тұлғаның аталуы", "куәлiктiң N" деректемелерiнен басталады.

Жеке немесе заңды тұлғаға деректердi енгiзу кезiнде, жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты мәлiметтердi енгiзу үшiн тағайындалған барлық деректемелiк бөлiктер жасырылады.

Жеке немесе заңды тұлғалардың белгiлену деректерiн толтырғаннан кейiн, бағдарлама, соңғыларын жоюсыз түзетуге мүмкiндiгiнiң болуы арқылы, енгiзiлетiн тұлғаларға арналған мәлiметтердiң бары туралы ақпаратты ұсынады, сонымен қатар мәлiметтердi сақтау толық көлемде жасалады. Жаңа ақпаратты енгiзу "Жаңа кәртiшке" терезесiнде қаралады.

Электрондық форматты толтыру үшiн бiрiншi деректеме "құқық бұзушылықты анықтаған орган" деректемесi болып табылады. Бұл деректеме ведомство кодын қою арқылы толтырылады. Аталған деректеме "3", "4" пернелерiн басу арқылы, кодтауларымен қоса әкiмшiлiк практика субъектiлерiнiң толық анықтамасын экранға шақыру мүмкiндiгiнен тұрады.

"Жасалған жерi" және "Материалды қараған орган" деректемелiк бөлiктерi ведомство кодын қою арқылы немесе әкiмшiлiк практика субъектiлерiнiң толық анықтамасының көмегiмен толтырылады.

"Материалдың нөмiрi мен басталған күнi", "Iстi қараған тұлғаның аты-жөнi", "Тiркеу күнi мен тiркелу нөмiрi" және "ҚСЖАЕКБ-на келiп түскен күнi" деректемелерi N 1-АП нысанды кәртiшкеде немесе әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы материалдарда (хаттамада, iсте) көрсетiлген деректердi енгiзу арқылы толтырылады. Ведомстволық деректер банкiне ие әкiмшiлiк практика субъектiлерi "ҚСЖАЕКБ-на келiп түскен күнi" деректемесiн толтыру кезiнде оған кәртiшкенiң нақты енгiзiлген күнiн қояды.

"Субъект", "Дәрежелену" және "Айыптың түрі" деректемелері ведомство кодын енгізу арқылы немесе әкімшілік практика субъектілерінің кодификациялық тізімінен, тармақтар мен тармақшаларға бөлу арқылы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекс баптарының тізбесінен, сондай-ақ айып нысандарының түрінен тұратын анықтаманы пайдалану арқылы толтырылады.

"Құқық бұзушылықты дәрежелену" деректемесінде тармақты немесе тармақшаны көрсету қажет болған жағдайда, енгізу кезінде олардың алдында "0 (нөл)" саны көрсетіледі. Мысалы, 479-бап 02-тармақ 01-тармақша.

Өндіріп алу шараларының "Негізгі" және "Қосымша" деректемелері сол не өзге өндіріп алу түріне сәйкес келетін кодты қою немесе тек жоғарыда көрсетілген бапқа ғана қатысты қолданылатын өндіріп алу түрлерін санамалау арқылы толық анықтаманы экранға шығарумен толтырылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 423-бабы көрсетілген кезде, анықтама "айыппұл", "тәркілеу", "лицензиядан айыру/оны тоқтату" жазаларынан тұрады, себебі бұл баптың диспозициясы тек осы жаза түрлерінің салынуын қарастырады.

"Салынған айыппұлдың мөлшері" және "Өндіріп алынған айыппұлдың мөлшері" деректемелері материалдарда (хаттамада, істе) көрсетілген сомаларын көрсету арқылы толтырылады.

Кәртішкеде салынған сома туралы мәліметтермен қатар толық өндіріп алу көрсетілген жағдайда, әкімшілік жаза салу жөніндегі қаулының орындалуы туралы хабарлама толтырылмайды.

"Жұмыс орны, лауазымы, оқу орны" деректемесі материалда (хаттамада, істе) көрсетілген деректердің негізінде толтырылады.

"Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны" деректемесі нысанды көрсету арқылы немесе кодтаулары бар заңды тұлға және жеке кәсіпкер нысандары түрлерінің толық анықтамасын экранға шақыру жолымен толтырылады.

"Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің аталуы, заңды мекен-жайы, куәлігінің N " деректемелері қысқартусыз, материалда (хаттамада, істе) көрсетілген деректерді енгізу арқылы толтырылады.

"Қаулы" және "Қарастырылу нәтижелері" деректемелері кодын қою арқылы немесе анықтама көмегімен толтырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық келтірілген жағдайда, "қаулыға наразылық келтірілді" деректемесі толтырылады, онда материалда (хаттамада, істе) көрсетілген наразылықтың күні көрсетіледі.

"Қарастыру нәтижесі" деректемесі бұзылған не өзгертілген қаулы бойынша мәліметтерді енгізу немесе қабылдануы мүмкін шешім түрлерінің тиісті тізімінен тұратын анықтаманы пайдалану арқылы толтырылады.

"Кәртiшкенi толтырған қызметкердiң аты-жөнi мен лауазымы" деректемесi тегiн, атын, әкесiнiң атын және лауазымын қысқартусыз көрсету арқылы т о л т ы р ы л а д ы .

34-2. Әкiмшiлiк құқық бұзушылық субъектiлерi туралы ведомстволық деректер банкiне ие әкiмшiлiк практика субъектiлерi N 1-АП нысанды электрондық кәртiшкелердi осы Нұсқаулықта көзделген талаптарға сәйкес толтырады. Ақпаратты, осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетiлген мерзiмдерде Комитет белгiлеген электрондық форматта Басқармаларға жолдайды .

34-3. Ведомстволық деректер банкiне ие әкiмшiлiк практика субъектiлерi " әкiмшiлiк жауаптылықтан және әкiмшiлiк жазадан босату туралы", "әкiмшiлiк жаза салу жөнiндегi қаулының орындалуы туралы" хабарламаларын енгiзу кезiнде "ҚСЖАЕКБ қызметкерiнiң аты-жөнi" және "лауазымы" деректемелерiн толтырмайды.";

35-тармақтағы "соттар әкiмшiлiгi" сөздерi "мәжбүрлеп орындатуды жүзеге асыратын атқарушылық iс жүргiзу органы," сөздерiмен ауыстырылсын;

Нұсқаулыққа қоса берiлген 1 қосымшада:

8-жол келесi редакцияда берiлсiн:

"8. Субъект: жеке тұлға "1"; жеке кәсiпкерлер "2"; заңды тұлғалар "3"; шетелдiк заңды тұлғалар "4"; шет елдiң қатысуымен заңды тұлғалар "5"; мынадай органдардың қызметкерлерi: әдiлет "6"; қаржы полициясы "7"; iшкi iстер "8"; қорғаныс министрлiгi "9"; ұлттық қауiпсiздiк "10"; кедендiк қызмет "11"; шекара қызметi "11"; прокуратура "12"; салық қызметi "13"; төтенше жағдайлар жөнiндегi агенттiгi "14"; мемлекеттiк билiк "15"; арнайы қызмет "16"; өзге де мемлекеттiк құрылымдар "17".";

14.1-жолындағы "туған жерi" сөздерi алынып тасталынсын;

"14.4. Жұмыс орны, лауазымы, оқу орны" сөздерiнен кейiн мынадай мазмұндағы 14.5-жолымен толықтырылсын:

"14.5. Алкогольдiк "1"; есiрткiлiк "2"; токсикомандық "3" мас күйiнде.";

21-жолдағы "Аты-жөнi" аббревиатурасынан кейiн "және лауазымы" сөздерiмен толықтырылсын;

Нұсқаулыққа қоса берiлген 2 Қосымшада:

2-бағандағы "келiп түсулер" сөздерi "жiберулер" сөзiмен ауыстырылсын.

Нұсқаулыққа қоса берiлген 3 Қосымшада:

"куәлiктiң N " жолынан кейiн мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын "Құқық бұзушылықты анықтаған органның аталуы";

Нұсқаулыққа қоса берiлген 4 Қосымшада:

"Тұрғылықты мекен-жайы" жолынан кейiн мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын "құқық бұзушылықты анықтаған органның аталуы".

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (Г.В.Ким):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шаралар қабылдасын;

2) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына жолдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Төрағасы Г.В.Кимге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Бас Прокуроры